

Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар мен жеке басының куәліктерін айырбастау және беру процесін жеделдету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қыркүйек N 1137

Қазақстан Республикасының халықтарын паспортпен және жеке басының куәлігімен құжаттандыру процесін жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне:

халықты құжаттандырудың аймақтық орталығы Ақмола қаласында 1997 жылдың аяғына дейін, Орал қаласында 1998 жыл ішінде құрылсын;

паспорттар мен жеке басының куәліктерін сатудан арнаулы шотқа түскен қаражатты, 1998 жылдың аяғына дейін, республикалық бюджетте тиісті қаржылық жылға арнап белгіленген тәртіппен көзделген қаражаттан тыс, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органдарын дамытуға пайдалануға рұқсат етсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің
1997.08.13. N 1255 қаулысымен. P971255_

2. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері ішкі істер органдарының паспорт бөлімшелеріне қосымша штат санын ұстауға, оларды азаматтарды қабылдау жөніндегі талаптарға жауап беретін үй-жайлармен, сондай-ақ қажетті жабдықтармен және халықты жаппай құжаттандыру кезеңінде ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз етуге қаражат бөлу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 256 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 124-құжат) мынадай өзгерту енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Паспорттардың ескі үлгісін Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа үлгідегі паспорттар мен жеке басының куәліктеріне ауыстыру 1998 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқталсын".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК